



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КОММЕРЦИЯЛЫҚ
ЕМЕС АҚЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

ҚАБЫЛДАУ КОМИССИЯСЫ

БЕКІТЕМІН

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректоры

_____ С.Ж. Рахметуллина

18.06.2026жыл.

**2026-2027 оқу жылына арналған
Д. СЕРІКБАЕВ АТЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ТЕХНИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ
ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

«ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 2
--	-------------

Ереже «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес, білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы негізінде әзірленді.

НАО «ШҚТУ» Ғылыми кеңесінің 2026 жылғы 14 мамырдағы №16 хаттамасымен талқыланды.

Бекітілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 3

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы	4
2. Нормативтік құжаттар	4
3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар	4
4. Әлеуметтік қолдау шаралары	5
5. Жеңілдіктер беру мөлшері мен тәртібі	5
6. Әлеуметтік (материалдық) қолдау шараларын ұсыну мөлшері мен тәртібі	6
7. Әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуды ұзарту және/немесе тоқтату негіздері	7
1 қосымша	8
Университетпен (бакалавриат) және Колледждің оқу ақысына жеңілдіктер	
2 қосымша	12
Магистратураға түсушілер үшін оқу ақысына жеңілдіктер	
3 қосымша	13
Университеттегі (бакалавриат, магистратура) және колледждегі студенттерге әлеуметтік (материалдық) қолдау	
4 қосымша	15
Университетте (бакалавриат) және колледжде оқу үшін жеңілдіктерге өтініш үлгісі	
5 қосымша	16
Университеттегі (бакалавриат, магистратура) және колледждегі студенттерге әлеуметтік (материалдық) қолдау көрсетуге өтініш үлгісі	
6 қосымша – Өзгерістерді тіркеу парағы	17

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 4

1. Мақсаты және қолдану саласы

1. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде жоғары дайындық деңгейі бар және/немесе халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 2026-2027 оқу жылына қабылдаудың білім алушыларын қолдау мақсатында білім алушыларды әлеуметтік қолдау шаралары туралы осы ереже (бұдан әрі-Ереже) әлеуметтік қолдау көрсету тәртібін айқындайды.

2. Ереже «Білім туралы» ҚР Заңына сәйкес, білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 Қаулысы негізінде жасалды.

3. Білім беру қызметтерін ақылы көрсету шартын және/немесе білім алушылар, студенттер, магистранттар қатарына қабылдау туралы бұйрықты жасасу осы Ереженің нормаларын қолдану үшін негіз болып табылады.

4. Осы Ереже Ғылыми кеңесте қаралады және университеттің басқарма төрағасы-ректорымен бекітіледі.

Ереженің талаптары «Д. Серікбаев ат. ШҚТУ» КеАҚ барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті.

Ол «ШҚТУ» КеАҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа тараптарға, сондай-ақ «ШҚТУ» КеАҚ басқарма төрағасы-ректорының рұқсатымен тұтынушы-серіктестерге (олардың талабы бойынша) ұсынылуға жатпайды.

2. Нормативтік құжаттар

5. Ережені әзірлеу кезінде келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

1) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. № 319-III Заңы.

2) «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы (05.11.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

3) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (29.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)

4) «Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті» КеАҚ – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 02.06. 2020 жылғы № 345 Жарғысы.

3. Терминдер мен анықтамалар. Қысқартулар

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 5

6. Осы Ережеде қамтылған ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

1) **Әлеуметтік қолдау шаралары** – университет білім алушылардың белгілі бір санаттары үшін ұсынатын игіліктер (жетім балалар, ерекше қажеттіліктері бар, аз қамтылғандар, көп балалы отбасылар және т.б.);

2) **Комиссия** – әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміткер тұлғалардан ұсынылған құжаттарды қарау құзыретіне кіретін университет қызметкерлері қатарынан құрылатын алқалы орган;

3) **Аз қамтылған отбасы** – белгілі бір уақыт кезеңі ішінде жиынтық табысы белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейіне сәйкес келмейтін отбасы (өтініш берушінің табысы аз адам ретіндегі мәртебесін растау үшін студент халықты жұмыспен қамту орталығынан тиісті үлгідегі құжатты ұсынады);

4) **Көп балалы отбасы** – құрамында бірге тұратын 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасы).

4. Әлеуметтік қолдау шаралары

7. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінде білім алушыларды әлеуметтік қолдау шаралары:

1) түрлі санаттағы білім алушылар үшін оқу ақысына жеңілдіктер (1 және 2-қосымшалар, оқу жылының басына бекітіледі);

2) әртүрлі санаттағы студенттерге әлеуметтік (материалдық) қолдау (3-қосымша, оқу жылының басына бекітіледі).

8. Ұсынылған құжаттардың толықтығын, негізділігін және заңдылығын қарау үшін әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміткер адамдардан ұсынылған құжаттарды қарау құзыретіне кіретін университет қызметкерлері қатарынан комиссия құрылады. Комиссия құрамына төраға, төраға орынбасары және комиссия мүшелері кіреді, комиссия құрамы басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен жылына бір рет бекітіледі.

5. Жеңілдіктер беру мөлшері мен тәртібі

9. Жеңілдіктер және оларды алуға құқығы бар тұлғалардың санаттары осы Ереженің 1 және 2-қосымшаларында айқындалған.

10. Докторантураға шарттық негізде түскен адамдарға жеңілдіктер жеке тәртіппен қаралады.

11. Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне (бұдан әрі-Университет) немесе Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан Техникалық Университетінің жоғары ІТ-колледжіне (бұдан әрі-Колледж) бірінші курсқа оқуға түскен, жеңілдіктер алуға үміткер тұлға ағымдағы жылғы 28 тамызға

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 6

дейін қабылдау комиссиясына растайтын құжаттар пакетін қоса бере отырып, басқарма төрағасы-ректордың атына жазбаша өтініш (4-қосымша) береді.

12. Университетте немесе колледжде оқуын жалғастыратын, жеңілдіктер алуға үміткер білім алушы басқарма төрағасы-ректордың атына ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін студенттерге қызмет көрсету орталығына (СҚКО) растайтын құжаттар пакетін қоса бере отырып, жазбаша өтінішпен жүгінеді (4-қосымша).

13. Жеңілдіктер алуға үміткер білім алушылардың тізімдерін, өтініштерін және растайтын құжаттарын қабылдау комиссиясының төрағасы, университет факультеттерінің/мектептерінің декандары, колледж директоры комиссияның қарауына ұсынады.

14. Комиссия білім алушыны университетке қабылдаудан 5 (бес) жұмыс күні ішінде отырысты тағайындайды.

15. Отырыста Комиссияның барлық мүшелері ашықтық, жариялылық және талқылау еркіндігі жағдайында жеңілдіктерге үміткерлердің құжаттар пакеттерін қарайды. Қаралған құжаттардың негізінде жеңілдіктер алуға үміткер адамдардың тізімін көрсете отырып, комиссия отырысының хаттамасы жасалады. Осы хаттаманың негізінде СҚКО мөлшері мен мерзімін көрсете отырып, жеңілдіктер беру туралы бұйрық шығарады.

16. Бір мезгілде белгіленген оқу ақысына қатысты жеңілдіктердің бір ғана түрі қолданылуы мүмкін. Білім алушыда бірнеше санат бойынша жеңілдіктер алу құқығы болған жағдайда оған ең жоғары баға беріледі.

17. Білім алушы шарт жасасу кезінде оқудың барлық кезеңі үшін шығыстарды бір мезгілде төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгеріссіз болып табылады.

6. Әлеуметтік (материалдық) қолдау шараларын ұсыну мөлшері мен тәртібі

18. Әлеуметтік (материалдық) қолдау басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен бекітілген мерзімге тағайындалады.

19. Әлеуметтік (материалдық) қолдау шараларын алуға үміткер білім алушы басқарма төрағасы-ректордың атына университеттің СҚКО барлық қажетті құжаттарымен қоса жазбаша өтініш береді (5-қосымша).

20. Ұсынылған құжаттар олардың толықтығына, негізділігіне және заңдылығына қарау үшін комиссияға жіберіледі.

21. Комиссия отырысында барлық құжаттар ашықтық, жариялылық және талқылау еркіндігі жағдайында қаралады. Қаралған құжаттардың негізінде әлеуметтік (материалдық) қолдау шараларын алуға үміткер адамдардың тізімі көрсетіле отырып, комиссия отырысының хаттамасы жасалады. Бұл хаттама ұсынымдық сипатта болады және университет басқарма төрағасы-ректорының қарауына шығарылады.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 7

7. Әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуды ұзарту және/немесе тоқтату негіздері

22. Университет білім алушылары үшін әлеуметтік қолдау шаралары **білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың барлық талаптарын ескере отырып**, оқу санатына (1, 2-қосымша) байланысты бір оқу жылына немесе бүкіл кезеңге көрсетіледі. Колледж білім алушысы, студент, магистрант **келісім-шарт бойынша білім беру қызметтерін уақтылы төлеуі керек. Келісім-шарт бойынша төлемді уақтылы төлемеген жағдайда** көзделген әлеуметтік қолдау шаралары тоқтатылады.

23. Құжаттардың уақтылы дайындалуына және дұрыс ресімделуіне бас бухгалтер, факультет/мектеп декандары, офис тіркеушілер, колледж директоры, қабылдау комиссиясының төрағасы жауапты болады.

24. Осы Ереженің орындалуын бақылау басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректорға жүктелген.

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 8
--	--------------------

1-қосымша

Университетпен (бакалавриат) және Колледждің оқу ақысына жеңілдіктер

№	Санаттар	Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шартында көрсетілген сомадан % - бен әлеуметтік қолдау шарасының мөлшері	Ескертпе	Қажетті құжаттар тізімі
1	ҚР және шет елдердің ата-ана қамқорынсыз қалған жетім балаларға	100%	Оқудың барлық кезеңіне	Аталған құжаттардың бірі (шет елдер үшін нотариалды куәландырылған): 1) екеуінің де немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі; 2) баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесі; 3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемеде болу фактісін растайтын анықтама.
2	ҚР және шет елдердің бала кезінен мүгедек балаларға, I, II және III топ мүгедектеріне	40%	Оқудың барлық кезеңіне	Мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі
3	Үздік аттестат немесе техникалық және кәсіптік білімі туралы дипломы бар ҚР және шет елдердің білім алушыларына	35%	Оқудың барлық кезеңіне	1) Үздік аттестаттың немесе ТЖКБ базасындағы дипломның көшірмесі 2) шет тіліндегі білім туралы құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады
4	«Алтын белгі» аттестаты немесе оған теңестірілген шет елдердің алтын медальмен аттестаттары бар ҚР және шет елдердің білім алушыларына	35%	Бірінші оқу жылына	1) «Алтын белгі» аттестатының көшірмесі немесе үздік шетелдік аттестат 2) шет тіліндегі білім туралы құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен ұсынылады
5	ҚР көп балалы отбасынан шыққан білім	35%	Оқудың барлық	1) жеке басын куәландыратын құжат. 2) балалардың туу туралы куәлігінің

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026

17-беттің 9

	алушыларға		кезеңіне	көшірмесі не бала асырап алуды растайтын құжаттар. 3) өтініш берушінің тұрғылықты жерінен анықтама немесе балаларымен бірге тұратынын растайтын өзге де құжат. 4) күндізгі оқу нысаны бойынша білім беру ұйымдарында 18-ден 23-ке дейінгі (егер бар болса) балалардың оқуы туралы анықтама) 5) Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады
6	Д. Серікбаев ат. ШҚТУ (Лидер «ЖАС ТАЛАП-KZ», Ақылды AWARDS 2026, Жасыл түстің 50 реңктері, Жас математик) ұйымдастырған олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздарына	10-50 % аралығында	Бірінші оқу жылына	1) олимпиада жеңімпазы сертификатының түпнұсқасы
	Жеңімпаздарға: - соңғы 3 жылдағы халықаралық, республикалық WorldSkills чемпионаттарының;	100%	Оқудың барлық кезеңіне	
	- соңғы 3 жылдағы облыстық/өңірлік/қалалық WorldSkills чемпионаттарының;	40%	Оқудың барлық кезеңіне	
	- Түркістан, Жетісу және Қызылорда облыстары бойынша «EKTU QUIZ – 2026» интеллектуалдық ойынының жеңімпаздарына.	100%	1 орынға — оқудың барлық кезеңіне; 2 орынға — 2 жыл оқу мерзіміне; 3 орынға — бірінші оқу жылына.	
7	Ата-анасы мүгедек, ата-анасының екеуі де зейнеткер ҚР және шет елдердің білім алушыларына	35%	Оқудың барлық кезеңіне	1) аумақтық орган берген мүгедектік туралы белгіленген үлгідегі куәліктің көшірмесі 2) екі ата-анасының зейнеткерлік куәлігінің көшірмесі

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026

17-беттің 10

				3) Шет тіліндегі құжаттар нотариат куәландырған қазақ немесе орыс тіліндегі аудармасымен қоса ұсынылады
8	Жалпы білім беретін пәндер (информатика, математика, физика, география, биология, химия) бойынша республикалық олимпиадалардың облыстық турларының және республикалық ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарына	20%	Бірінші оқу жылына	1) информатика, математика, физика, география, биология пәндері бойынша республикалық және ғылыми жобалар бойынша жүлделі орындар алғаны туралы дипломның немесе грамотаның көшірмесі
9	ҰБТ сертификаттары бар (бес пән бойынша) 100 баллдан және одан жоғары білім алушыларға	20%	Бірінші оқу жылына	1) 100 балдан және одан жоғары ҰБТ сертификаты
10	Алыс шет елдерден келген білім алушыларға	50%	Оқудың барлық кезеңіне	1) Foundation, бакалавриатқа оқуға түсетіндердің жеке басын куәландыратын құжаттың (шетелдік паспорт) көшірмесі 2) Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады
11	Жоғары білім туралы дипломмен оқуға түскен ҚР білім алушыларына	30%	Оқудың барлық кезеңіне	1) Жоғары білім алғандығын растайтын дипломның көшірмесі
12	Жақын туыстары біздің Университеттің дипломы бар шет елдердегі білім алушыларға	15%	Бірінші оқу жылына	1) туысының (атасының, әжесінің, анасының, әкесінің, ағасының, әпкесінің) Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ бітіргенін растайтын дипломының көшірмесі
13	Жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздары.	15%	Бірінші оқу жылына	1) Халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) информатика, математика, физика, география, биология пәндері бойынша жүлделі орындарды алғаны туралы дипломның немесе грамотаның көшірмесі;
14	ҚР ТжКБ бір колледжінен бір мамандықтан оқуға түсетін білім алушыларға	40%	Оқудың барлық кезеңіне	1) ағымдағы жылы Колледжді бітірген бір білім беру бағдарламасынан кемінде 7 адам бір мезетте қабылданған жағдайда; 2) Колледжбен ШҚТУ арасындағы меморандум

Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026

17-беттің 11

				3) ҚР колледж білім алушыларының диплом көшірмелері
15	Техникалық және кәсіби білімі туралы дипломы бар оқуға түсетін ҚР білім алушыларына	30%	Оқудың барлық кезеңіне	колледж білім алушысының диплом көшірмесі
16	Университет жанындағы "EKTU Educational Academy" желілік инженерлік мектебінің түлектеріне	20%	Бірінші оқу жылына	Университет жанындағы "EKTU Educational Academy" желілік инженерлік мектебінің аяқтағаны туралы куәліктің көшірмесі немесе Бұйрықтың көшірмесі
17	Ағымдағы оқу жылы үшін 25 тамызға дейін және 10 қаңтарға дейін (шетел азаматтарының қысқы қабылдауы үшін) 100% алдын ала төлем жасаған ҚР мен шетелдік білім алушыларға	5%	Бірінші оқу жылына басқа жеңілдіктерге қарамастан	1) Ағымдағы оқу жылының 25 тамызына дейін және 10 қаңтарына дейін (шетел азаматтарын қысқы қабылдау үшін) төлем жасалып, төлем құжатының көшірмесі жеке істе болған жағдайда.
18	ҚР және <i>шет елдердің</i> бірнеше отбасы мүшелерін (екінші және келесі) университетте бір мезгілде оқыту кезінде	10%	Оқудың барлық кезеңіне	1) отбасының бірнеше мүшесінің оқитынын растайтын СҚҚО-дан белгіленген үлгідегі анықтама
19	Өз атынан университетке ҚР азаматы болып табылмайтын бір шетелдік талапкерді және азаматтығы жоқ адамды әкелген шет елдердің білім алушыларына оқуға шарт жасасу үшін	әрбір келесі үшін 5%	Басқа жеңілдіктерге қарамастан бір оқу жылына	1) 23 тамызға дейін жеке картаны толтыру және университет сайтында тіркелу және консультант бағанында өз деректерін көрсету (тіркеу күні бойынша тексеріледі)
20	Ата-анасы университет қызметкерлері болып табылатын студенттерге	жеңілдік мөлшері университеттегі жұмыс өтіліне байланысты әр семестрге белгіленеді	Оқудың барлық кезеңіне	1) Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ кадр бөлімдерінен оның осы университеттің қызметкерлері екендігі туралы анықтамада болған жағдайда.

**Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті**

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 12
---	---------------------

2-қосымша

Магистратураға түсушілер үшін оқу ақысына жеңілдіктер

№	Санаттар	Өтеулі білім беру қызметтерін көрсету шартында көрсетілген сомадан % - бен әлеуметтік қолдау шарасының мөлшері	Ескертпе	Қажетті құжаттар тізімі
1	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ үздік дипломы бар түлектеріне	20%	Оқудың барлық кезеңіне	1) үздік дипломның көшірмесі болған жағдайда
2	Басқа жоғары оқу орындарының үздік дипломы бар түлектеріне	10%	Оқудың барлық кезеңіне	1) үздік дипломның көшірмесі болған жағдайда
3	«Қандастар» статусы бар Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ және басқа да жоғары оқу орындарының түлектеріне	20%	Оқудың барлық кезеңіне	1) дипломның көшірмесі болған жағдайда 2) ұлты қазақ екенін растайтын құжат
4	Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ және басқа да жоғары оқу орындарының дипломдарында тек «үздік» және «жақсы» деген бағалары бар түлектеріне	15%	Оқудың барлық кезеңіне	1) дипломның «жақсы» және «өте жақсы» деген бағалары бар қосымшасы бар көшірмесі болған кезде
5	23 жасқа дейінгі жетімдерге	15%	Оқудың барлық кезеңіне	Аталған құжаттардың бірі нотариалды куәландырылған: 1) екеуінің де немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі; 2) баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесі 3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемеде болу фактісін растайтын анықтама
6	Ата-анасы университет қызметкерлері болып табылатын білім алушыларға	жеңілдік мөлшері университеттегі жұмыс өтіліне байланысты әр триместрге белгіленеді	Оқудың барлық кезеңіне	1) Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ кадр бөлімдерінен оның осы университеттің қызметкерлері екендігі туралы анықтамада болған жағдайда.
7	Ағымдағы оқу жылы үшін 28 тамызға дейін және 10 қаңтарға дейін (қысқы қабылдау үшін) 100% алдын ала төлем жасаған ҚР мен шетелдік білім	5%	Оқудың барлық кезеңіне басқа жеңілдіктерге қарамастан	1) Ағымдағы оқу жылының 28 тамызына дейін және 10 қаңтарына дейін (қысқы қабылдау үшін) төлем жасалып, төлем құжатының көшірмесі

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 13

	алушыларға			жеке істе болған жағдайда.
8	Алыс шет елдерден келген білім алушыларға	50%	Оқудың барлық кезеңіне	1) оқуға түсетіндердің жеке басын куәландыратын құжаттың (шетелдік паспорт) көшірмесі 2) Шет тіліндегі құжаттар нотариалды куәландырылған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсынылады

Қосымша 3

Университеттегі (бакалавриат, магистратура) және колледждегі студенттерге әлеуметтік (материалдық) қолдау

№	Санаттар	Әлеуметтік (материалдық) қолдаудың атауы және мөлшері	Ескертпе	Қажетті құжаттар тізімі
1	Көп балалы отбасынан қиын материалдық жағдайға тап болған студент	15 мың теңгеге дейінгі төлем	ай сайын	1) студенттің жеке куәлігінің көшірмесі; 2) анасының жеке куәлігінің көшірмесі; 3) «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Көп балалы ана» куәлігінің көшірмесі (болған жағдайда); 4) отбасының әрбір мүшесінің (4 және одан да көп бала) жасын (туған жылын) міндетті түрде көрсете отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамынан (ХҚО) не тұрғылықты жері бойынша әкімдіктен отбасының құрамы туралы анықтама не барлық балалардың туу туралы куәлігінің көшірмесі.
2	Аз қамтылған отбасынан қиын материалдық жағдайға тап болған студент	10 мың теңгеге дейінгі төлем	Ай сайын	1) студенттің жеке куәлігінің көшірмесі; 2) «Азаматтарға арналған үкімет «мемлекеттік корпорациясы «коммерциялық емес акционерлік қоғамынан (ХҚКО)» немесе тұрғылықты жері бойынша әкімдіктен аз қамтылған отбасы мәртебесін растау туралы анықтама.
3	I, II, III топтағы мүгедек студенттер	Студенттер үйінде тегін тұру	Оқу жылы ағымында	1) студенттің жеке куәлігінің көшірмесі; 2) мүгедектік туралы анықтама.
4	Жетім студенттер, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер	Студенттер үйінде тегін тұру	Оқу жылы ағымында	1) студенттің жеке куәлігінің көшірмесі; 2) студенттің туу туралы куәлігінің көшірмесі; 3) екеуінің де немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы, оларды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі); 4) Қамқоршысын тағайындау туралы қаулының көшірмесі болған жағдайда.

**Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті**

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026

17-беттің 14

5	Көпбалалы отбасынан білім алушыларға	Студенттер үйінде тұру тұру ақысының құнынан 50 %	Оқудың барлық кезеңіне	1) студенттің жеке куәлігінің көшірмесі; 2) анасының жеке куәлігінің көшірмесі; 3) «Алтын алқа», «Күміс алқа», «Көп балалы ана» куәлігінің көшірмесі (болған жағдайда); 4) отбасының әрбір мүшесінің (4 және одан да көп бала) жасын (туған жылын) міндетті түрде көрсете отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамынан (ХҚО) не тұрғылықты жері бойынша әкімдіктен отбасының құрамы туралы анықтама не барлық балалардың туу туралы куәлігінің көшірмесі; 5) e-gov-тан мекен жай анықтамасы
6	Халық тығыз орналасқан және батыс аймақтардан келген білім алушыларға	Студенттер үйінде тұру ақысының құнынан 50 %	Бірінші оқу жылына	e-gov-тан мекен жай анықтамасы
7	Жетім және бала кезінен мүгедек балаларға, ҚР І және ІІ топтағы мүгедектерге	Жазғы семестрде академиялық қарызды тегін тапсыру (30 кредитке дейін)	Оқудың барлық кезеңіне	Аталған құжаттардың бірі (шет елдер үшін нотариалды куәландырылған): 1) екеуінің де немесе жалғыз ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі немесе ата-анасының жоқтығын растайтын өзге де құжаттар (ата-ана құқықтарынан айыру, шектеу туралы, хабар-ошарсыз кетті деп тану, оларды қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі); 2) баланы патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың көшірмесі; 3) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мекемеде болу фактісін растайтын анықтама, 4) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі
8	Барлық шетелдік студенттерге	Студенттер үйінде тұру тұру ақысының құнынан 50 %	Оқудың барлық кезеңіне	Шетелдік паспортының көшірмесі
9	Жатақхана старосталарына (құқықтық тәртіпке жауапты)	Студенттер үйінде тұру тұру ақысының құнынан 50 %	Оқу жылы бойы	Жатақханада старосталарды тағайындау туралы декан өкімі, Тұрғын үй-жайды (жатақханадағы бөлмені) уақытша пайдалануға беру шарты

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 15

4-қосымша

**Университетте (бакалавриат) және колледжде оқу үшін
жеңілдіктерге өтініш үлгісі**

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ
Басқарма төрағасы – ректоры
С.Ж. Рахметуллинаға
В071-тау-кен ісі және пайдалы
қазбаларды өндіру
Күндізгі оқу бөлімінің 1 курс студенті
Ахметова Галина Алексеевнадан
Мекен-жайы: ШҚО, Өскемен қаласы,
Чехов көшесі 20, 5 пәтер
телефон:

ӨТІНІШ

«__» _____ 2026-2027 оқу жылына арналған Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ білім алушыларды әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже негізінде маған 1-қосымшаның № 10-тармағына сәйкес 10% жеңілдік белгілеуді сұраймын (ҰБТ сертификаттары (бес пән бойынша) 100 баллдан және одан жоғары білім алушыларға). Барлық растайтын құжаттар қабылдау комиссиясына/СҚКО ұсынылды.

Күні
Қолы

Коммерциялық емес акционерлік қоғам Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті	
Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің білім алушыларын әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже «ШҚТУ» КеАҚ Е 136-V-2026	17-беттің 16

5-қосымша

Университеттегі (бакалавриат, магистратура) және колледждегі студенттерге әлеуметтік (материалдық) қолдау көрсетуге өтініш үлгісі

«Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ» КеАҚ
Басқарма төрағасы – ректоры
С.Ж. Рахметуллинаға
В071-тау-кен ісі және пайдалы
қазбаларды өндіру
Күндізгі оқу бөлімінің 2 курс студенті
Ахметова Галина Алексеевнадан
Мекен-жайы: ШҚО, Өскемен қаласы,
Чехов көшесі 20, 5 пәтер
телефон:

ӨТІНІШ

«__» _____ 2026-2027 оқу жылына арналған Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ білім алушыларды әлеуметтік қолдау шаралары туралы ереже негізінде (I, II, III топтағы мүгедек студенттер) 3-қосымшаның № 3-тармағына сәйкес университет жатақханасында тегін тұру ретінде әлеуметтік (материалдық) қолдау тағайындауыңызды сұраймын. Барлық растайтын құжаттар СҚҚО ұсынылды.

Күні
Қолы

